

GATS мақсаттары

Ересектердің темекі тұтынуы бойынша ғаламдық сауалнама (GATS) - бұл ересектер арасындағы темекі тұтынудың және темекіге қарсы күрестің негізгі көрсеткіштерін жүйелі түрде бақылаудың әлемдік стандарты.

GATS-бұл барлық елдерде, Қазақстанды қоса алғанда, дәйекті және стандартты хаттаманы пайдаланатын ұлттық репрезентативтік зерттеу. GATS елдердің темекіге қарсы бағдарламаларды әзірлеу, жүзеге асыру және бағалау мүмкіндіктерін кеңейтеді. GATS зерттеуі сонымен қатар, елдерге Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының (ДДСҰ) темекіге қарсы күрес жөніндегі Негіздемелік конвенциясына (ТҚНҚ) сәйкес ел ішінде және еларалық салыстырмалы деректерді жинаудың міндеттемелерін орындауға көмектеседі. ДДСҰ MPOWER құралын – ДДСҰ ТҚНҚ-дағы сұранысты азайту бойынша таңдамалы шаралардың техникалық жиынтығын дайындаған:

Monitor – темекі тұтынудың және оның алдын-алу саясатын бақылау

Protect – адамдарды темекі түтінінен қорғау

Offer – темекіні пайдаланудан бас тартуға көмек көрсету

Warn – темекімен байланысты қауіптер туралы ескерту

Enforce – темекі тұтынуға арналған жарнамаға, сатуды ынталандыруға және демеушілікке салынған тыйымдардың сақталуын қамтамасыз ету

Raise – темекі өнімдеріне салықты арттыру



GATS әдістемесі

GATS ғаламдық стандартталған әдіснаманы қолданады. Ол респонденттердің негізгі сипаттамалары, темекіні пайдалану нысандары (темекі шегетін, түтінсіз және қыздырылатын темекіден жасалған бұйымдар), электрондық сигареттерді тұтыну, темекіні тұтынудан бас тарту, темекі түтінінің әсеріне ұшырау, экономика, бұқаралық ақпарат құралдары және темекіні тұтынумен байланысты аспектілерді білу және қабылдау туралы ақпаратты қамтиды. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Қоғамдық денсаулық сақтау ұлттық орталығы (ҚДСҰО) Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитетінің Ақпараттық-есептеу орталығымен (АЕО) бірлесе отырып, GATS 2019 жылы Қазақстанда үй шаруашылықтарын, 15 және одан жоғары жастағы адамдарды тексеру мақсатында өткізілді. Ұлттық деңгейде репрезентативті деректерді алу үшін көп сатылы, географиялық топтастырылған іріктеу құрылымы қолданылды. Жалпы алғанда 11501 үй шаруашылықтары іріктеліп алынды және әрбір қатысушы үй шаруашылығында зерттеуді аяқтау үшін кездейсоқ түрде бір адам таңдалды. Сауалнама бойынша ақпарат портативті құрылғылардың көмегімен электронды түрде жиналды. Жалпы жауап беру деңгейі 95,5%-дық көрсеткішпен барлығы 10677 жеке сұхбат жүргізілді.

GATS-тың негізгі деректері

ТЕМЕКІ ЖӘНЕ ЭЛЕКТРОНДЫ СИГАРЕТТЕРДІҢ ТҰТЫНЫЛУЫ

- Жалпы ересек адамдардың 21,5% -ы (2,8 млн. ересектер) - ерлердің 38,3% -ы және әйелдердің 6,4% -ы қазіргі кезде темекі тұтынған (шылым, түтінсіз және/немесе қыздырылатын темекіден жасалған бұйымдар).
- Жалпы ересек адамдардың 20,4% -ы (2,7 млн. ересектер) - ерлердің 36,5% -ы және әйелдердің 6,0% -ы қазіргі кезде темекі шеккен.
- Жалпы ересек адамдардың 19,9% -ы (2,6 млн. ересектер) - ерлердің 35,7% -ы және әйелдердің 5,7% -ы қазіргі кезде сигарет шеккен.
- Жалпы ересектердің 1,0% -ы (0,1 млн. ересектер) - ерлердің 1,4% -ы және әйелдердің 0,6% -ы қазіргі кезде қыздырылатын темекіден жасалған бұйымдарын тұтынған.
- Жалпы ересектердің 1,3% -ы (0,2 млн. ересектер) - қазіргі кезде ерлердің 2,0% -ы және әйелдердің 0,6% -ы электрондық сигарет тұтынған.

ТЕМЕКІДЕН БАС ТARTУ

- Соңғы 12 айда темекіні тастаған бұрынғы темекі шегетіндердің 92,4% -ы темекіні тастауға денсаулықтарына алаңдаушылық себеп болғанын айтты.
- Қазіргі уақытта темекі шегетіндердің 56,7% -ы болашақта темекіні тастауды жоспарлады немесе ойлады.
- Соңғы 12 айда денсаулық сақтау мекемесіне барған темекі шегушілердің 36,0% темекі шегуден бас тарту туралы кеңес алды.

ТЕМЕКІ ТҮТІНІНІҢ ӘСЕРІНЕ ҰШЫРАУ

- Жабық ғимаратта жұмыс істеген ересектердің 11,4% -ы (0,7 млн.) жұмыс орнында темекі түтінінің әсеріне ұшыраған.
- Ересектердің 9,1% -ы (1,2 млн.) үйде темекі түтінінің әсеріне ұшыраған.
- Ересектердің 28,1% -ы (3,2 млн.) әртүрлі қоғамдық орындарда темекі түтінінің әсеріне ұшыраған.

ЭКОНОМИКА

- Өнеркәсіпте өндірілген 20 дана темекіге жұмсалған орташа шығын 428,0 қазақстандық теңгені құрады.
- Өнеркәсіпте өндірілген темекіні сатып алуға жұмсалған ай сайынғы шығындардың орташа мөлшері 8897,4 қазақстандық теңгені құрады.

БҰҚАРАЛЫҚ АҚПАРАТ ҚҰРАЛДАРЫ

- Ересектердің 49,2% -ы темекі шегуге қарсы ақпаратты теледидардан немесе радиодан байқаған.
- Қазіргі уақытта темекі шегетіндердің 34,4% темекі қораптарындағы темекі шегудің денсаулыққа зияны туралы ескертулерге байланысты темекіні тастау туралы ойлады.
- Ересектердің 35,8% -ы кез-келген темекі бұйымдарының немесе электронды сигареттің жарнамасын, демеушілігін немесе темекі сатылымын ілгерілетуді байқады.

БІЛІМ, КӨЗҚАРАС ЖӘНЕ ҚАБЫЛДАУ

- Ересектердің 87,6% -ы темекі шегу денсаулыққа қатерлі деп санаған.
- Ересектердің 70,0% -ы темекі түтіні темекі шекпейтіндердің денсаулығына қатерлі деп санаған.



ТЕМЕКІНІ ТҰТЫНУ

ТЕМЕКІ ТҰТЫНУ (шылым, түтінсіз және қыздырылатын темекіден жасалған бұйымдар)	БАРЛЫҒЫ (%)	ЕРЛЕР (%)	ӘЙЕЛДЕР (%)
Қазіргі темекі тұтынушылар	21,5	38,3	6,4

ТЕМЕКІ ШЕГУ


Қазіргі темекі шегетіндер	20,4	36,5	6,0
Күнделікті темекі шегетіндер	17,1	31,3	4,5
Қазіргі сигарет шегетіндер ¹	19,9	35,7	5,7
Күнделікті сигарет шегетіндер ¹	16,9	30,8	4,4
Қазіргі қорқор тартатындар	1,2	1,8	0,6
Бұрынғы күнделікті темекі шегетіндер ^{2,3} (бір кездері күнделікті темекі шегушілердің арасында)	21,7	20,4	28,3

ТҮТІНСІЗ ТЕМЕКІ ТҰТЫНУШЫЛАР

Қазіргі түтінсіз темекі тұтынушылар	1,4	2,7	0,1
-------------------------------------	-----	-----	-----

ҚЫЗДЫРЫЛҒАН ТЕМЕКІ БҰЙЫМДАРЫН ТҰТЫНУШЫЛАР

Бұрын қыздырылған темекі бұйымдарын тұтынғандар	3,9	5,9	2,0
Қазіргі қыздырылған темекі бұйымдарын тұтынушылар	1,0	1,4	0,6
Тұтынуға себеп ретінде жағымды иісін көрсеткендер ⁴	65,5	67,8	60,9



ЭЛЕКТРОНДЫ СИГАРЕТ ТҰТЫНУШЫЛАР

	БАРЛЫҒЫ (%)	ЕРЛЕР (%)	ӘЙЕЛДЕР (%)
Бір кездері электронды сигарет тұтынғандар	8,5	12,7	4,8
Қазіргі электронды сигарет тұтынушылар	1,3	2,0	0,6
Тұтынуға себеп ретінде жағымды иісін көрсеткендер ⁵	75,6	76,8	72,3

ТЕМЕКІДЕН БАС ТАРТУ

	БАРЛЫҒЫ (%)	ЕРЛЕР (%)	ӘЙЕЛДЕР (%)
Соңғы 12 айда темекіні тастауға тырысқан темекі шегушілер ⁶	32,1	31,1	37,5
Темекіні тастауды жоспарлаған немесе ойланып отырған қазіргі темекі шегушілер	56,7	56,1	60,3
Денсаулық сақтау маманы соңғы 12 айда темекіні тастауға кеңес берген темекі шегушілер ^{6,7}	36,0	40,2	23,2
Темекіні тастауға себеп ретінде өз денсаулығына қамқорлық жасауды көрсетті ⁸	92,4	94,6	-

ТЕМЕКІ ТҮТІНІНІҢ ӘСЕРІНЕ ҰШЫРАУ

	БАРЛЫҒЫ (%)	ЕРЛЕР (%)	ӘЙЕЛДЕР (%)
Жұмыс орындарында темекі түтінінің әсеріне ұшыраған ересектер ^{9,8}	11,4	14,6	7,8
Үйде, кемінде айына бір рет темекі түтінінің әсеріне ұшыраған ересектер	9,1	10,5	7,8
Мына жерлерде темекі түтінінің әсеріне ұшыраған ересектер ^{10,8} :			
Мемлекеттік ұйымдарда/кеңселерде	4,9	5,8	4,1
Мейрамханаларда	24,3	26,7	22,2
Барларда немесе түнгі клубтарда	78,3	78,3	78,4
Кафеде, кофеханада немесе шайханаларда	21,6	23,6	19,8
Қоғамдық көлікте	9,0	9,3	8,9
Әр түрлі қоғамдық орындарда	28,1	32,1	24,7

ЭКОНОМИКА

Өнеркәсіпте өндірілген 20 дана темекіні сатып алуға жұмсалған орташа сома (қазақстандық теңгемен)	428,0
Өнеркәсіпте өндірілген темекіге жұмсалатын ай сайынғы шығыстардың орташа сомасы (қазақстандық теңгемен)	8897,4
Өндірілген 100 қорап темекінің құны жан басына шаққандағы жалпы ішкі өнімнің (ЖІӨ) пайызына шаққанда [2019] ¹¹	1,2%

БҰҚАРАЛЫҚ АҚПАРАТ ҚҰРАЛДАРЫ

	БАРЛЫҒЫ (%)	ҚАЗІРГІ ТЕМЕКІ ШЕГУШІЛЕР (%)	ШЕКПЕЙТІНДЕР (%)
ТЕМЕКІГЕ ҚАРСЫ АҚПАРАТ			
Теледидарда немесе радиода темекі шегуге қарсы бағытталған ақпаратты байқаған ересектер ⁹	49,2	48,3	49,4
Интернетте немесе әлеуметтік желілерде темекі шегуге қарсы ақпаратты байқаған ересектер ⁸	38,2	36,7	38,5

	БАРЛЫҒЫ (%)	ЕРЛЕР (%)	ӘЙЕЛДЕР (%)
Темекі қораптарындағы денсаулыққа зиян туралы ескертулерді байқаған қазіргі темекі шегушілер ⁸	86,5	85,6	91,7
Темекі қораптарындағы ескертулерге байланысты темекіні тастау туралы ойлаған қазіргі темекі шегушілер ⁸	34,4	33,7	38,3

	БАРЛЫҒЫ (%)	ҚАЗІРГІ ТЕМЕКІ ШЕГУШІЛЕР (%)	ШЕКПЕЙТІНДЕР (%)
ТЕМЕКІ ӨНЕРКӘСІБІНІҢ ЖАРНАМАСЫ			
Дүкенде темекі немесе электронды сигареттің қандай да бір жарнамасын немесе сатылымын ілгерілетуді байқаған ересектер ^{12,8}	21,3	28,6	19,4
Кез-келген жарнаманы, демеушілікті немесе кез-келген темекі өнімін немесе электронды сигаретті насихаттауды байқаған ересектер ^{13,8}	35,8	43,8	33,7

БІЛІМ, КӨЗҚАРАС ЖӘНЕ ҚАБЫЛДАУ

	БАРЛЫҒЫ (%)	ҚАЗІРГІ ТЕМЕКІ ШЕГУШІЛЕР (%)	ШЕКПЕЙТІНДЕР (%)
Темекі шегу ауыр сырқаттарды тудырады деп сенген ересектер	87,6	78,9	89,8
Темекі түтіні темекі шекпейтіндерде ауыр сырқат тудырады деп есептеген ересектер	70,0	54,9	73,9
Барлық қоғамдық орындарда және жұмыс орындарының үй-жайларында кез келген темекі бұйымдарын шегуге тыйым салуды қолдайтын ересектер	73,4	48,4	79,8
Темекі бұйымдарын сату орындарында ашық көрмелеуге тыйым салуды қолдайтын ересектер	81,9	64,3	86,4

¹ Өндірісте өндірілген темекі немесе орама темекі. ² Қазіргі уақытта темекі тартпайтындар. ³ Күнделікті темекі тартудан бас тарту коэффициенті. ⁴ Қазіргі уақытта қыздырылған темекі өнімдерін тұтынушылар арасында. ⁵ Қазіргі уақытта электронды темекі тұтынушылар арасында. ⁶ Соңғы 12 айда темекіні тастаған қазіргі темекі шегушілерді және бұрынғы темекі шегушілерді қамтиды. ⁷ Соңғы 12 айда медицина қызметкеріне барғандардың арасында. ⁸ Үйден тыс әдетте мекеме ішінде немесе ішіндегідей мекемеден тыс жұмыс істейтіндер арасында. ⁹ Соңғы 30 күнде осы жерге барғандардың арасында. ¹⁰ 2019 жылы Қазақстанда жан басына шаққандағы ЖІӨ-нің есептік көрсеткіші = 3 511 245,623 (қазақстандық теңге), дереккөз: "Әлемдік экономиканың даму перспективалары" (2019 жылғы қазан). ¹¹ Төмендегілердің кез келгені байқалды: темекі сатылатын дүкендерде темекі шегетін темекі бұйымдарының жарнамасы; темекі сатылатын дүкендерде электрондық сигареттердің немесе қыздырылатын темекіден жасалған бұйымдардың жарнамасы; кез келген темекі бұйымына немесе электрондық сигареттерге төмендетілген бағалар; немесе темекі бұйымдарын немесе электрондық сигареттерді сатып алу кезінде басқа тауарларға тегін сыйлықтар / жеңілдіктер. ¹² Төмендегілердің кез келгені байқалды: темекі шегетін темекі бұйымдарының кез келген жарнамасы; электрондық сигареттердің немесе қыздырылатын темекіден жасалған бұйымдарының кез келген жарнамасы; кез келген темекі бұйымдарының немесе электрондық сигареттердің демеушілігімен байланысты музыкалық, театрлық, телеаралық және басқа да іс-шара немесе сон саласындағы іс-шара; кез келген темекі бұйымын немесе электрондық сигареттерді насихаттау. ¹³ Соңғы 30 күн ішінде.

ЕСКЕРТУ: Қазіргі тұтыну дегеніміз күнделікті және күнделікті тұтынудан да жиі тұтынушылықты білдіреді. Ересектер - бұл 15 жастан асқан адамдар. Деректер ұлттық деңгейде репрезентативтілікті қамтамасыз ету және 15 және одан жоғары жастағы барлық институттандырылмаған ерлер мен әйелдерді ұсыну мақсатында көрсетілді. Пайыздар әр топтың таралуы емес, әр топтағы әр көрсеткіштің таралуын көрсетеді.

Қаржылық қолдауды *Bloomberg-тің темекі тұтынуды азайту бастамасымен* Bloomberg Philanthropies бағдарламасы және Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі Дүниежүзілік Банктің 2019 жылғы 22 ақпандағы № SHP-2.1 / CS-05 "Денсаулық сақтауды институционалдық дамыту, инфекциялық емес аурулардың мониторингі және оларды басқару бойынша консультативтік қызметтер" келісім-шартын іске асыру шеңберінде "Әлеуметтік-медициналық сақтандыру" жобасы аясында ұсынды. АҚШ ауруларды бақылау және алдын алу орталықтары (CDC), Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы (ДДСҰ) және RTI International техникалық көмек көрсетті. Бағдарлама CDC Foundation тарапынан қолдау тапты.

Осы ақпараттық бюллетенің нәтижелері мен тұжырымдарын авторлар ұсынады және міндетті түрде CDC-тің ресми ұстанымын білдірмейді.